

Рысқалиев Т. Х., философия ғылымдарының докторы, профессор
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ НАҚТЫ ӨМІР

Аннотация

Мақалада Қазақстанның, қазақстандықтардың соңғы жиырма жылдағы қол жеткен толағай табыстары, қазақ халқының хандық дәуірдегі ел басқару, адамдардың қарым-қатынасын реттеу, дала демократиясы ұсынған азаматтық, отбасылық, қаржылық, қылмыстық ережелері туралы сөз болады.

Конституцияның қоғам өміріндегі және адам өміріндегі рөлі жан-жақты сипатталады.

Түйін сөздер: Конституция, Ата заң, Қазақстан, Президент, мемлекет, құқық, демократия.

Жаңа Қазақстанның, егемендік, нарықтық, демократиялық жолға түскен елдің төл құжаты, Ата заңы - Конституцияның қабылданып, жүзеге аса бастағанына биыл 20 жыл толып отыр. Тарихи өлшеммен қарағанда бір ұрпақтың жасына да жетпейді. Қас-қағым сәт. Бірақ осы аралықтағы Қазақстанда атқарылған істер, Қазақстан алған асулар қиялдағыдан да асып түскен сияқты. Бәрі жаңарып жатыр, бәрі жаңарып үлгерді. Еліміздің осы тарихи жетістіктері Конституциямен тығыз байланысты, Конституция арқылы жүзеге асып жатыр. Конституцияға сай мемлекеттік биліктің барлық тармақтары: Президент, парламент, үкімет жұмыс істеп жатыр.

Конституция – қағаз жүзіндегі құжат емес, елдің, халықтың, әрбір азаматтың өмір сүру ережесі. Конституция өз алдына, өмір, болмыс өз алдына, бірімен бірі байланыссыз өмір сүріп жатқан жоқ.

Президентіміздің Конституцияға сай жасалатын жыл сайынғы жолдауларында, бағдарламалық сөздерінде, нұсқауларында Конституция талаптары ескеріліп, оларды іске асырудың жолдары белгіленіп отырады.

Дейтұрғанмен, азаматтар күнделікті өмірінде, іс-қимылында Ата заңымыздың ережелерін ескеріп, соған сай әрекет қыла бермейді. Тек басына іс түскенде, құқықтары бұзылып, әділетсіздікке тап болғанда ғана негізгі заңға жүгінуге мәжбүр болады. Бір кезде Аристотель айтып еді: «Афиндықтар бидайды және заңды ойлап тапты: бидайды пайдалануды үйренді, ал заңға сай өмір сүруді үйренбей-ақ қойды» деп. Сол сияқты көбіміз әлі заңмен өмір сүруді үйрене алмай келеміз.

«Конституция» деген латын сөзінің мағынасы «бір нәрсені орнату», «бекіту» дегенді білдіреді. «Конституция» деген ұғым «егемендік», «тәуелсіздік», «құқық», «демократия», «жауапкершілік» деген ұғымдармен байланысты қолданылады. Егемендігі жоқ елдің өзіндік Конституциясы болмайды. Ол басқа елдің заңымен өмір сүреді.

Айта кету керек – Кеңес заманында идеологиялық, саяси тәрбие жұмысы жақсы жолға қойылған-ды. Біз жас кезімізде өткен ғасырдың 50 – жылдары 1936 жылы қабылданған Кеңестік Конституцияны 7 сыныпта мектепте оқыдық. Осы пәннен емтихан тапсырдық. Оның негізгі қағидаларын жатқа білетін едік.

Қазіргі тәуелсіз еліміздің Конституциясын білмейтін, бетін де ашпаған жастар түгіл ересектерді де кездестіруге болады. Діни сауатсыздығымызды кеңестік замандағы атеистік тәрбиенің салдары деп түсіндіреміз. Ал өзіміздің саяси сауатсыздығымызды қалай ақтай аламыз? Дамыған елдерде азаматтар қит етсе «менің конституциялық құқығым» деп шыға келеді және олардың талабына бәрі де ден қояды.

Адамның естілігі, тұлғалық қасиеттері оның өзін өзі тануынан, өзінің дүниедегі, қоғамдағы орнын, міндетін, борышын, еркіндігі мен құқықтарын біліп, әрекет жасауынан көрінеді.

Құқық та, демократия да Конституциядан тыс, өз алдына өмір сүретін институт емес. Олар – Конституцияның өмірге енуінің, жүзеге асуының нақты көріністері. Құқық дегеніміз, демократия дегеніміз - адамның да, қоғамның да, биліктің де елдің басты заңына сай өмір сүруі.

Конституцияға, елде қабылданған заңдарға сай өмір сүру адам үшін де, қоғам үшін де тиімді болып табылады. Бұл үшін бәріміз де - үлкеніміз де, кішіміз де – есті болуымыз керек, Конституцияны, заңдарды, мектепте көбейту кестесін білгеніміздей, білуіміз керек. Біліп қана қоймай, күнделікті өмірде пайдалануымыз керек. Қазақ – үлкенді, атасын сыйлай білген халық. Біз Ата заңымызды да сыйлап, құрметтеуіміз керек.

Элементарлық талап. Бірақ көпшілік мұны түсінгісі келмейді. Аяқ басқан сайын сүрінеді де жатады. Сөйтіп, қоғамды да, өзін де қиын жағдайларға ұрындырады. Кездескен қиындықтар үшін көпшілік қоғамды, билікті кінәлап жатады. Мүмкін, кінәлі өзіміз болармыз деп ойламайды.

Қай мемлекетте де жазылған немесе жазылмаған заңдар болады. Қазақ жеріндегі жазылмаған заңдар қатарына Білге қаған мен Тоныкөк абыздың ел билеу, ел қорғау, басқа ұлыстармен қарым-қатынас жасау тәртібін белгілеген «Турасын», орта ғасырдағы қазақтардың әскери ұстындары мен қылмыстық жауапкершілігін, әлеуметтік жіктелуін анықтайтын «Есім ханның ескі жолын», «Қасым ханның қасқа жолын», Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жатқызуға болады.

Конституция болса, ол, әрине, - жазылған заң. Мұндай Конституция Қазақстан тарихында бес рет қабылданып отыр: Кеңестік кезеңде - 1926, 1937, 1978 жылдары, ал тәуелсіздік алғасын – 1993, 1995 жылдары.

Біз биыл Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлап жатырмыз. Өткен жолымызды саралап көрдік. Қазақ деген тарихи халық екен, ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бойы өз жерінде емін-еркін өмір сүрген екен, көршілерімен тең дәрежеде тиімді қарым-қатынас орнатқан екен. Қазақтар да өз мемлекетін, өркениетін құрған. Олардың да заңдары, құқықтық ережелері, керек десеңіз, өздеріне тән демократиясы болған. Дала демократиясы ұсынған азаматтық, отбасылық, қаржылық, қылмыстық ережелер хандық дәуірге дейін қазақ жерінде болмаған. Дала демократиясы бетке ұстаған принцип – адамның өмірі, бостандығы және бас еркі болды.

Өз Тәуке ханның Төле бимен, Қаз дауысты Қазыбекпен, Әйтеке бимен ақылдасып шығарған «Жеті жарғысын» әдебиетте ежелгі гректердің ақылман патшасы Солон шығарған заңмен салыстырады. Солонның досы, кеңесшісі қазақ топырағынан шыққан Анахарсис (Анахарсис) екенін біреу білсе, біреу білмейтін шығар.

Дала демократиясында даулы мәселені шешерде екі би, екі жақтың биі жеткіліксіз болып, «би екеу болса, дау төртеу болады» деген қағиданы ескеріп, үш биге жүгінетін болған. Бірі - айыптаушы, екіншісі - ақтаушы болса, үшіншісі төбе би мәмілегер болып, ортақ әділ шешім жасау үшін керек болған. Демократия деген осы емес пе?

Дала демократиясының тағы бір көрінісін сөз етейін. Бұрынғы заманда қазақтарда ру басын, қол бастайтын батырды ешкім сайламаған, тағайындамаған. Кім әділ билік айтса, соның сөзін тыңдаған, кім қол бастауға қабілетті болса, соның соңынан ерген. Адам әділ болмаса оған ешкім билік айтқызбайды. Адам ел қамын, шаруа жайын ойламаса, ешкім оны рубасы деп танымайды.

Қоғамдық өмірдің, азаматтардың бетке ұстар Заңы болғандықтан, Конституция қатып – семіп қалған абстракты құжат емес, тірі, жанды нәрсе. Әрине, оның қағидалары өзгеріп отырады, үш рет өзгеріске ұшырады да. Бұдан Ата Заңымыз ұтылған жоқ, керісінше, қоғамның даму барысына сай нақтыланып, өміршең бола түсті.

Жаңа заңды құрастырушылар қатарында елімізге танымал ғалымдар – заңгерлер, саясаткерлер, тарихшылар, экономистер, философтар болды. Кейбіреуін атап өтуге болады: академиктер – Салық Зиманов, Ғайрат Сапарғалиев, Жабайхан Әбділдин, Кенжеғали Сағадиев, Манаш Қозыбаев, Майдан Сүлейменов, біздің жерлесіміз профессор Калимолла Халықов ж.б.

Конституция еліміздің тарихына, халықтың діліне, дәстүріне, дініне, даму деңгейіне лайықтап жасалды. Әрине, онда дамыған елдердің тәжірибесі ескерілді.

Ата заңымызда еліміздің, халқымыздың алдына қойған мақсаттары, міндеттері, бетке ұстаған мұраттары белгіленді.

Кейін қабылданған, Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» бағдарламалары, «Нұрлы жол» деп аталатын жаңа экономикалық саясат, бес халықтық реформа, Қазақстан дамуының сара бағыттарын белгілеген Ұлт жоспары – осының бәрі – Конституцияны жүзеге асыруға бағытталған нақты шаралар болып табылады.

Конституция – елдің басты құжаты. Оны бір адам жасамайды. Бірақ Конституцияның өзекті идеясы болады. Заңның мазмұны негізінде сол идеяны жүзеге асыруға, қалың жұртшылыққа жеткізуге бағытталған. Әдетте идеяны бір адам, атап айтқанда, елдің билеушісі ұсынады. 1995 жылы қабылданған Конституциямыздың негізгі идеясын, басты қағидаларын ұсынған Нұрсұлтан Назарбаев болды. Біз жаңа Конституциямыздың авторы Нұрсұлтан Назарбаев деп айта аламыз. Бұл біз үшін емес, болашақ ұрпақ үшін, тарих үшін қажет түсінік. Біз тарихи кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Жаңа Қазақстанның тарихы бүгінде жасалып жатыр. Жаңа Қазақстан тарихқа Президент Назарбаев тұсында еніп отыр. Еліміздің аз уақытта қол жеткізген тарихи жетістіктері тұңғыш Президентіміздің есімімен тығыз байланысты. Мұны атап өту орынды болады.

Әдебиетте, философияда «феномен» деген ұғым бар. Сирек кездесетін құбылыстарды бейнелейді. Мысалы, Шоқан Уәлихановты феномен деп атай аламыз. Тарихта ондай адамның болғаны ақылға сыйыңқырамайды. Соңғы кезде әлемге танымал саясаткерлер, сарапшылар, ғалымдар Президентіміз туралы «Назарбаев феномені» деген сөзді жиі айтып жүр.

Сөйтіп, Елбасы әлемдік көшбасшылар қатарынан ойып тұрып орын алды. Мәскеудің «Международные отношения» деген баспасында «Мировые лидеры» деген жаңа серия жарық көріп жатыр. Соның алғашқы кітабы Нұрсұлтан Назарбаевқа арналыпты.

Біздің Конституция өзін өзі ақтады деуге әбден болады. Жиырма жылда біз жаңа жағдайда кездескен объективтік қиындықтарды еңсеріп, тұрақты, қалыпты даму жолына түстік. Халықтың әл-ауқаты жылдан жылға артып келеді. Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру туралы батыл да, астамшыл бағдарлама қабылдап, жүзеге асырдық. Ал, бұл дегеніңіз нарықтық жағдайда басты көрсеткіштердің бірі болып табылады. Дамыған 30 елдің қатарына қосылу жөнінде «Қазақстан – 2050» деп аталатын Стратегиялық бағдарламаны қабылдадық. Оны да жүзеге асырудың жолдары мен мүмкіндіктері қазірдің өзінде айқын бола бастады.

«Нұр Отан» партиясының XVI съезінде сөйлеген сөзінде ел Президенті: «бізге XXI ғасырда бағдар болатын бір ғана стратегия бар, ол «Қазақстан – 2050». Баршамызды ерен істерге жетелейтін бір ғана ұлы мақсат бар, ел – Мәңгілік ел» - деп атап көрсетті.

Осы бағытта атқарылатын істердің ауқымын айқындайтын 100 нақты қадамды тайға таңба басқандай етіп Елбасы белгілеп берді. Атқарушы билікке, Қазақстан халқына, әрбір азаматқа қалып тұрған жұмыс осы тапсырмаларды ойдағыдай іске асыру. Көрсетілген міндеттердің тең жартысын атқара алсақ та, Қазақстан тағы бір жаңа сапаға көтерілер еді. Мәселе олардың тең жартысын емес, бәрін де жүзеге асыруда болып тұр. Бәрі де нақты, бәрін де іске асыруға еліміздің әлеуеті мүмкіндік береді.

Философ болғасын шығар - кейде маған мынадай ой келеді: Президент атқарушы органдарға «соқырға таяқ ұстатқандай» тәптіштеп, тапсырмалар беріп жатады, оларды іске асыру үшін қанша қаражат бөлінеді, қандай мерзім керек - бәрін белгілеп, көрсетіп береді. Өкінішке орай, Елбасы тапсырмалары дер кезінде, сапалы түрде орындала бермейді. Әйтеуір бірдеңе жетіспей жатады. Не жетіспейді? – деп ойлайсыз. Көбіне көп біліктілік, іскерлік, жауапкершілік жетіспейді екен. Президент жиі-жиі атап көрсететін креативті ойлау жетіспейді екен. Ал қазіргі кадрлардың ішінде кандидаттар, докторлар жетіп артылады. Кеңес дәуірінде Нұрмолда Алдабергенов сияқты бастамашыл, тәуекелшіл, іскер, намысқой кадрлар көп болып еді. Еліміз сол кезде дағдарысқа тап болса, оған кінәлі қарапайым қызметкерлер емес, билік басындағылар болатын. «Балық басынан шіриді» деген осы.

Қазір де білікті, кәсіби мамандар жоқ деген сөз емес. Жаңашыл жастар жетеді. Шет елдерде білім алып, тәжірибе жинақтағандар қаншама. Тек оларға жол ашу керек, сенім арту керек, еркіндік беру керек.

Қазақстанның болашағы, «дүниежүзілік қауымдастықта лайықты орын алатыны» Конституциямыздың кіріспесінде айқын көрсетілген.

20 жылдың ішінде біз бұл межеге біртабан жақындадық.

Конституцияның I бабында «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп жазылған.

Мұндағы әрбір сөз салмақты және мәнді. «**Орнықтырады**» деудің өзі мұндай мемлекеттің қалыптасуы ұзақ мерзімді қамтитынын аңғартады. Англиядағы, АҚШ-тағы, Франциядағы демократиялық, құқықтық қоғамның орнығуына кем дегенде екі-үш ғасыр қажет болды. Бір кезде Англияның бұрынғы Премьер-министрі марқұм Маргарет Тэтчер айтқан екен: «Құқықтық мемлекетті біз құра бастағанымызға үш жүз жыл болды. Сонда да әлі құрып болдық деп айта алмаймыз», - деп. Ал біз сол елдерге қарап, «бізде ашықтық жоқ», «демократия жоқ», «құқықтық мәдениет жоқ» деп наразылық білдіріп жатамыз. Күні кеше біз мұның бір де бірі болмаған Кеңестік заманда өмір сүрген жоқпыз ба? Қалай біз өткенімізді оп-оңай ұмыта қалдық? Орнықтырған істеріміздің қатарына мен елімізде қалыпты нәрсеге айналған татулық пен тұрақтылықты жатқызар едім.

Демократия қоғамға сырттан таңылатын, бірден енетін нәрсе емес. Қоғам оны өз ішінен талай тосқауылдардан өте отырып, дамып, жетіле келе туғызады. Кешегі қайта құру науқанында Горбачев демократияны демагогияға айналдырып, бірден енгізбек болды. Демократия арқылы, көпірме сөз арқылы экономикалық дағдарысты жеңбек болды. Нәтижесі не болғанын бәріңіз білесіздер. Алып ел – КСРО - құлады. Украина да, Батысқа еліктеп, әсіре демократиялық жолды таңдады. Ақыры, міне, Батысы мен Шығысы, Оңтүстігі мен Солтүстігі, өздері мен өздері соғысып жатыр. Ел де, халық та гуманитарлық апатты бастан кешуде. Конфуцийдің өсиеті бар: «Өз еліңде жау іздеме» - деген. Ескеретін нәрсе.

Демократиямен, революциямен ойнауға болмайтынын Қазақстан Президенті бірден түсінді және сөзбен де, іспен де дәлелдеді. Ең алдымен биліктің мүддесінен гөрі елдің, халықтың мүддесін ойлау керек, халықтың тұрмысын бұрынғыдан бетер жақсарту керек, халыққа үміт, сенім сыйлау керек болды.

Билікке де, әкімдерге де, министрлерге де әрдайым есте ұстайтын бір қағида бар: «**Өзін ғана ойлаған – жамандықтың белгісі, өзгені де ойлаған – адамдықтың белгісі**» деген.

Демократияға, құқыққа, Конституцияға, биліктің беделіне қайшы келетін бір індет бар – ол жемқорлық. Өкінішке орай, бұл пәледен біз аулақпыз деп айта алмаймыз. Қай жерде, қай қалада, облыста жемқорлық белең алса, бұл - ең алдымен сол жердегі билікке сын. Қалай ол бұған жол берді? Жегідей жайлап алған жемқорлықпен күрес тек тәртіп үшін, экономика үшін тиімді емес, бұл елдің беделі үшін, кейінгі ұрпақтарды отансүйгіш рухта тәрбиелеу үшін, адал еңбектің беделін арттыру үшін керек.

Конституцияның, құқықтың, демократияның бір тірегі - **әділеттілік**. Қарапайым халыққа да керегі осы.

Демократия деген шексіз еркіндік емес. Еш жерде, ешқашан да абсолюттік еркіндік деген болмайды. Демократия дегеніміз – тәртіп, жауапкершілік, «**өзің қаламайтын нәрсені басқаға істеме**» деген қарапайым қағида.

Көп ұлтты, көп конфессиялы елде кім болса сол демократия дегенді теріс түсініп, ойына келгенін айтып, ойына келгенін істейтін болса, не болар еді? Қырғызстандағы, Украинадағы жағдайға: ішкі алауыздыққа, ұлтаралық қақтығысқа тап болар едік. Елбасының көреген саясаты елімізді, халқымызды мүмкін болатын мұндай апаттан аман алып қалды. Қазақ айтады: «Асықпаған арбамен қоян алады» - деп. Демократия керек. Адамзат осы кезге дейін азаматтардың белсенділігін еселеп артыратын демократиядан артық амал ойлап тапқан жоқ. Демократияға қолымыз жетеді. Қазірдің өзінде оның кейбір белгілері, атап айтқанда, ашық сайлау жүйесі, көппартиялық, азаматтардың еркіндіктері мен құқықтарын құрметтеу, өңірлердің өзін өзі басқаруы т.б. өмірге ене бастады. Демократиялық мемлекетті құру, алайда, ұзақ әрі үздіксіз үрдіс. Бұған біз бірте – бірте жетеміз. Елбасы жиі-жиі қайталап айтатындай, сабырлылық керек.

Бәрі билікке де, жеке адамдарға да байланысты. Адамдар өздерінің құқықтары мен еркіндіктерінің мүлтіксіз қорғалуын қадағалап, талап етулері керек. «Жыламаған балаға емшек бермейді» - дейді. Адамдар өздерінің құқықтарын білмесе, талап етпесе, кім оларды еске алып отырады?

Конституцияның I бабында мемлекеттің «ең қымбат қазынасы – **адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары**» деп жазылған.

Философияның аксиология деген бөлімі бар: құндылықтарды қарастырады. Конституцияның I бабы нағыз философиялық тілде сайрап тұр. Адамнан асқан дүниеде құндылық жоқ. «Адам – барлық заттың өлшемі» - дейді Протагор. Конституцияның талабы де осы принципке сай келеді. Мұны адам да, қоғам да, билік те өнебойы есте ұстауы керек. Бұл арада қоғамда заңның үстемдігін және әділеттілігін қамтамасыз ету аса маңызды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институттық реформасының екіншісі «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» деп аталады. Демек, алдағы уақытта бұл мәселеге баса көңіл бөлінеді деген сөз.

17 бапта «**Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды**» - делінген. Адамға бұдан артық не керек? Қайталап айтайын: көп нәрсе адамның өзіне байланысты: оның ар-намысын, абыройын биік ұстап, адам деген атқа лайық өмір сүруіне біздің Конституция кепілдік беріп отыр.

Біз қазір, Елбасы атап көрсеткендей, елімізде әлеуметтік мемлекет құрылды деп айта аламыз. **Әлеуметтік мемлекет дегеніміз** – бүкіл халықтың, әр азаматтың қамын ойлайтын, соларға қызмет ететін мемлекет. Бірақ мынаны да естен шығармау керек: біз қазір нарықтық жағдайда өмір сүріп жатырмыз. Нарықтың талабы қатал. Адам алдымен өзіне үміт артып, өзіне сенуі керек. Нарық жағдайында адамдар әр түрлі деңгейде өмір сүреді: біреу бай, біреу кедей, біреуде бар, біреуде жоқ дегендей. Қоғамда мүліктік қайшылықтардың болуы заңды нәрсе. Әлеуметтік саясаттың мақсаты – социализм тұсындағыдай, адамдарды мүлік жағынан теңдестіру емес, адамдардың білім алып, маман болып, жұмыс істеп, аяғынан тік тұруына, өз тұрмысын өзі құруына жол ашу. Әрине, көп балалы отбасыларға, жағдайы төмен жандарға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, мүгедектерге, зейнеткерлерге қамқорлық жасау – мемлекеттің міндеті. Елімізде осындай әлеуметтік саясаттың іске асуы Қазақстанның тәуелсіздік тұсындағы айтарлықтай жетістіктерінің бірі болып табылады.

Елбасы белгілеген бес институттық реформада кәсіби мемлекеттік аппарат құру алдыңғы орында тұр.

Әркімнің көкейінде анда-санда болса да: «Ата Заң халқымызға не берді?» - деген пендешілік сұрақ туатыны түсінікті. Бұл үшін кеңестік кешегіміз бен егемендік бүгінгімізді салыстырып көрсек жеткілікті. Осындай біріне бірі ұқсамайтын әсем қалалар, зәулім үйлер, түрімен көз тартатын сарайлар, коттеждер, дүкендер, ағылып жатқан шетелдік машиналар, қажылыққа, демалысқа шет ел асып жатқан отандастар, жаңа зауыттар мен фирмалар бұрын болды ма? Осының бәрін көре білу керек, ой елегінен өткізу керек. Бізді, Қазақстанды кеше шет елдерде кім білетін еді? Бүгін де Қазақстанды, Қазақстанның жетістіктерін әлем мойындап отыр. Аз уақыттың ішінде біз бір ғасырды артқа қалдырған сияқтымыз. Еліміздегі әр алуан ұлттардың – қазақтардың, орыстардың, татарлардың, ұйғырлардың, немістердің, армяндардың, шешендердің, басқа да халықтардың бірлігі, ынтымағы, сыйластығы, түсіністігі неге тұрады?! Тек біз ғана мемлекетіміздің көп ұлтты, көп конфессиялы ел болғанын оның осал жағы емес, артықшылығына айналдырдық.

Осының бәрінде, жаңа Қазақстанның қалыптасып, халықаралық қауымдастықтан лайықты орын алуында Елбасының, тұңғыш Президентіміз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи еңбегі зор. «Жақсының жақсылығын айту – парыз». Мұны тек біз ғана емес, шет елде де, атап айтқанда, Ресейдің, Қытайдың, АҚШ-тың, Германияның, Түркияның, басқа да ірі мемлекеттердің басшылары үнемі айтып келеді.

Елбасының абыройы – еліміздің абыройы, іске басшылыққа айналған Ата заңымыздың абыройы.

РЕЗЮМЕ

В статье обобщаются исторические достижения Казахстана за последние двадцать лет, которые демонстрируют реализацию основных идей нашей Конституции. Раскрывается также благотворная роль Конституции в жизни общества и отдельного человека.

RESUME

The article summarizes the historical achievements of Kazakhstan in the last twenty years that demonstrate the implementation of the basic ideas of our Constitution. Also disclosed beneficial role of the Constitution in the life of society and the individual.